

Камшат Батырбекова¹, Сандыбай Боранбаев², Сәуле Байменова^{3*}¹докторант, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.,
ORCID: 0009-0006-2376-921X E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru²филология ғылымдарының докторы, профессор,Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.,
ORCID: 0000-0002-5596-737X E-mail: sandybai60@mail.ru^{3*}автор-корреспондент, докторант, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Қазақстан, Шымкент қ., ORCID: 0009-0004-8429-8808 E-mail: saule.baimen78@gmail.com**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚ «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ» ЖАЗБА
ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК**

Аңдатпа. «Байтарату’л-Вазих» қолжазбасы – қыпшақ тілінің тарихи даму үдерісін, қазіргі қазақ тілімен лексикалық әрі құрылымдық сабақтастығын анықтауға мүмкіндік беретін құнды тарихи жазба мұра. Мақалада ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші – «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы ономастикалық кеңістік, соның ішінде теонимдер мен антропонимдердің тілдік және мазмұндық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ескерткіш мәтініндегі діни сипаттағы жалқы есімдерді анықтап, олардың құрылымдық, фонетикалық және семантикалық қырларын талдау, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен сабақтастығын айқындау. Мақалада теонимдер мен антропонимдердің мәтіндік контексте жүйеленіп, олардың қызметі мен мағыналық жүктемесі сараланады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы және лексика-семантикалық әдістер қолданылып, көне түркілік дүниетаным мен исламдық танымның өзара ықпалдастығы көрсетіледі. Нәтижесінде, «Байтарату’л-вазих» ескерткішіндегі ономастикалық бірліктердің ортағасырлық қыпшақ тіліндегі діни-мәдени жүйені танытудағы орны айқындалады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – аталған жазба мұрадағы теонимдер мен антропонимдердің алғаш рет ономастикалық кеңістік аясында кешенді түрде қарастырылып, тарихи-семантикалық тұрғыдан сипатталуында. Зерттеу нәтижелері мәмлүк-қыпшақ тілінің лексикалық қорын және оның қазіргі қазақ тілімен тарихи сабақтастығын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: жазба ескерткіштер; ономастикалық кеңістік; теонимдер; антропонимдер; діни лексика.**Сілтеме жасау үшін:** Батырбекова К., Боранбаев С., Байменова С. Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ «Байтарату’л-вазих» жазба ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік. *Tiltany*, 2026. №2 (102). 79-92-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-79-92>**Камшат Батырбекова¹, Сандыбай Боранбаев², Сауле Байменова^{3*}**¹докторант, Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент, ORCID: 0009-0006-2376-921X E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru²доктор филологических наук, профессор,Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент,
ORCID: 0000-0002-5596-737X E-mail: sandybai60@mail.ru^{3*}автор-корреспондент, докторант, Южно-Казахстанский университет имени Мухтара Ауэзова,
Казахстан, г. Шымкент, ORCID: 0009-0004-8429-8808 E-mail: saule.baimen78@gmail.com**ОНОМАСТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО В СРЕДНЕВЕКОВОМ МАМЛЮКСКО-
КИПЧАКСКОМ ПИСЬМЕННОМ ПАМЯТНИКЕ «БАЙТАРАТУ’Л-ВАЗИХ»**

Аннотация. «Байтарату’л-Вазих» – ценный исторический письменный памятник, позволяющий проследить процесс исторического развития кыпчакского языка, а также выявить его лексическую и структурную преемственность с современным казахским языком. В статье рассматривается ономастическое пространство средневекового письменного памятника мамлюко-кыпчакского периода – «Байтарату’л-вазих», в частности языковые и содержательные особенности теонимов и антропонимов. Цель исследования – выявление религиозно маркированных собственных имён в тексте памятника, анализ их структурных, фонетических и семантических характеристик, а также установление их преемственности с современным казахским языком. В статье теонимы и антропонимы систематизируются в текстовом контексте, определяется функция и смысловая нагрузка. Применяются историко-сопоставительный и лексико-семантический методы, что позволяет показать взаимодействие древнетюркского мировоззрения и исламской традиции. В результате определяется роль ономастических единиц памятника «Байтарату’л-вазих» в репрезентации религиозно-культурной системы

средневекового кыпчакского языка. Научная новизна – теонимы и антропонимы данного письменного наследия впервые комплексно рассматриваются в рамках ономастического пространства и характеризуются с историко-семантической точки зрения. Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию лексической системы мамлюко-кыпчакского языка и её исторической преемственности с современным казахским языком.

Ключевые слова: письменные памятники; ономастическое пространство; теонимы; антропонимы; религиозная лексика.

Для цитирования: Батырбекова К., Боранбаев С., Байменова С. Ономастическое пространство в средневековом мамлюко-кыпчакском письменном памятнике «Байтарату’л-вазих». *Tiltanyim*, 2026. №2 (102). С. 79-92. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-79-92>

Kamshat Batyrbekova¹, Sandybai Boranbayev², Saule Baimenova^{3*}

¹Doctoral Student, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent,

ORCID: 0009-0006-2376-921X E-mail: kamshat.batyrbek@mail.ru

²Doctor of Philology, Professor, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University,

Kazakhstan, Shymkent, ORCID: 0000-0002-5596-737X E-mail: sandybai60@mail.ru

^{3*}Corresponding Author, Doctoral Student, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent, ORCID: 0009-0004-8429-8808 E-mail: saule.baimen78@gmail.com

THE ONOMASTIC SPACE IN THE MEDIEVAL MAMLUK-KIPCHAK WRITTEN MONUMENT “BAYTARATU’L-WAZIH”

Abstract. This article examines the onomastic space of the medieval Mamluk-Kipchak written monument-the manuscript “Baitaratu’l-vazih”, with a particular focus on the linguistic and semantic features of theonyms and anthroponyms. The aim of the study is to identify religiously marked proper names in the text, analyze their structural, phonetic, and semantic characteristics, and determine their continuity with modern Kazakh usage. Theonyms and anthroponyms are systematized within the textual context, and their functions and semantic load are clarified. The research employs historical-comparative and lexical-semantic methods, revealing the interaction between ancient Turkic worldview and Islamic tradition. As a result, the role of onomastic units in the manuscript “Baitaratu’l-vazih” is defined in representing the religious and cultural system of the medieval Kipchak language. The scientific novelty of the study lies in the fact that theonyms and anthroponyms of this written heritage are, for the first time, comprehensively analyzed within the framework of onomastic space and described from a historical-semantic perspective. The findings contribute to a deeper understanding of the lexical system of the Mamluk-Kipchak language and its historical continuity with the modern Kazakh language.

Keywords: written monuments; onomastic space; theonyms; anthroponyms; religious vocabulary.

For citation: Batyrbekova, K., Boranbayev, S., Baimenova, S. The Onomastic Space in the Medieval Mamluk-Kipchak Written Monument “Baytaratu’l-Wazih”. *Tiltanyim*, 2026. No.2 (102). Pp. 79-92. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-79-92>

Кіріспе

Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері түркі тілдерінің тарихи дамуын, ортағасырлық тілдік үдерістер мен мәдени ықпалдастықты танытатын құнды дереккөздер. Бұл кезеңде дүниеге келген жазба ескерткіштер өзге түркі жазба ескерткіштерінен функционалдық бағыт-бағдарымен, тілдік құрамының көпқабаттылығымен және практикалық сипатымен ерекшеленеді. Мәмлүк мемлекеті дәуірінде қыпшақ тілінің жат тілдік ортада қолданылып, әкімшілік, әскери және ғылыми салаларда қызмет атқаруы бұл ескерткіштердің тілдік құрылымына елеулі ықпал етті. Соның нәтижесінде аталған мәтіндерде түркілік негізбен қатар араб және парсы тілдерінен енген кірме элементтер кеңінен ұшырасады. Әсіресе діни ұғымдарға қатысты атаулардың жиілігі жоғары. Бұл құбылыс мәмлүк-қыпшақ жазба дәстүрінің көптілді және мәдени-тілдік ықпалдастық сипатын айқын көрсетеді. Ортағасырлық қыпшақ тілінің даму кезеңдерін сипаттайтын бұл ескерткіштер қазіргі қазақ тілінің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық жүйелерінің қалыптасу арналарын айқындауда маңызды рөл атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері түркі тілдерінің тарихи эволюциясын айқындауда құнды әрі көпқырлы лингвистикалық деректер жүйесін құрайды. Соңғы ғасырдың ширегінде ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу үдерісі едәуір қарқын алып ғылыми айналымда кеңінен дамыды. Бұл үдерістің жандануына бірқатар факторлар әсер етті. Атап айтқанда, тарихи-мәдени мұраны сақтау мен жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы, ұлттық тіл мен рухани құндылықтарды қайта зерделеуге деген ғылыми сұраныстың артуы, сондай-ақ

гуманитарлық ғылымдардағы жаңа әдіснамалық бағыттардың қалыптасуы ерекше рөл атқарды. Соның нәтижесінде ортағасырлық жазба ескерткіштер тек тілдік дереккөз ретінде ғана емес, сонымен қатар тарихи, мәдени, этнолингвистикалық және өркениеттік құбылыс ретінде кешенді түрде қарастырыла бастады. Түркітану, лингвистика, тарих және мәтінтану салаларындағы зерттеулер бұл мұраларды жаңаша интерпретациялауға мүмкіндік берді. Мемлекеттік деңгейде қабылданған бағдарламалар аясында қолжазба қорларын цифрландыру, сирек қолжазбаларды анықтау, ғылыми айналымға енгізу және басылымдық түрде жариялау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл өз кезегінде ортағасырлық жазба ескерткіштерге қолжетімділікті арттырып, оларды жан-жақты ғылыми талдауға жол ашты.

Осы кең ғылыми-әдіснамалық және институционалдық негіз мәмлүк-қыпшақ жазба мұраларын зерттеуге де тікелей ықпал етті. Бұл салада шетелдік және отандық ғалымдар елеулі үлес қосты. Атап айтқанда, М. Хаутсма, М. Жаберт, Х. Кун, М.Ф. Көпрулу, Ю. Моль, Б. Аталай, Н.А. Баскаков, А. Зайанчковский, Х. Касапоғлу, С.М. Муталлибов, А. Хамраев, Ш. Абилов, Я. Экман, Н. Расулова, сондай-ақ Ә. Құрышжанов, А. Ибатов, Б. Сағындықұлы, С. Құдасов, Ә. Наджип, С. Боранбаев, Б. Дүйсенов, А. Гаркавец, Ш.Ш. Жалмаханов, М. Сабыр, Р. Досжан, М. Маженова, А. Әлібекұлы, Т. Арынов, Қ. Садықбеков, Қ. Қыдырбай, А.А. Мұстафаева, Б. Сүйерқұл, Қ.Қ. Әубәкірова, Ш. Әуелбекова, Б. Батырашұлы, Т. Қыдыр, Қ. Саки, Г. Амирова, Қ. Қайполла және т.б. зерттеушілердің еңбектері мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерін жан-жақты қарастырудың ғылыми негізін қалыптастырды. Осы зерттеулер нәтижесінде мәмлүк-қыпшақ мұраларының тілдік, тарихи-мәдени және этнолингвистикалық ерекшеліктері кешенді түрде айқындалды.

Осы ескерткіштердің ішінде «Байтарату’л-вазих» қолжазбасы ерекше ғылыми мәнге ие. Бұл еңбек араб тіліндегі «Китаб әл-Байтара» трактатының қыпшақ тіліне жасалған аудармасы болып табылады. Қолжазба араб графикасымен жазылып, қыпшақ тілінің негізгі тілдік белгілерін сақтаған, бұл оның ортағасырлық қыпшақ тілін зерттеудегі құнды дереккөз ретіндегі маңызын арттыра түседі. Жоғарыда аталған ғалымдар мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерін әр қырынан зерттегенімен, «Байтарату’л-вазих» қолжазбасы толық әрі кешенді түрде зерттеу нысанына айнала қойған жоқ. Атап айтқанда, қолжазбадағы діни лексика, оның ішінде теонимдер мен антропонимдер жүйесі арнайы әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді. Зерттеудің мақсаты – ескерткіш мәтініндегі діни сипаттағы жалқы есімдерді анықтап, олардың құрылымдық, фонетикалық және семантикалық қырларын талдау, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен сабақтастығын айқындау. Зерттеу барысында лексика-семантикалық және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – аталған жазба мұрадағы теонимдер мен антропонимдердің алғаш рет ономастикалық кеңістік аясында кешенді түрде қарастырылып, тарихи-семантикалық тұрғыдан сипатталуында. Бұл зерттеу нәтижелері ортағасырлық қыпшақ тілінің лексикалық жүйесін және оның қазіргі қазақ тілімен байланысын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Материал және әдістер

Мақалада мәмлүк-қыпшақ кезеңіне тән ортағасырлық жазба мұралардың бірі – «Байтарату’л-вазих» қолжазбасындағы діни лексика мен терминология тілдік тұрғыдан талданды. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде қолжазба мәтінінде кездесетін теонимдер, антропонимдер және діни мазмұндағы лексикалық бірліктер алынды.

Зерттеу барысында сипаттамалы, құрылымдық, лексика-семантикалық және тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды. Сипаттамалы әдіс арқылы қолжазбадағы діни лексиканың қолданыс ерекшеліктері анықталды. Құрылымдық талдау әдісі діни атаулардың дара және күрделі тұлғаларын, олардың жасалу үлгілері мен құрамдық ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік берді. Лексика-семантикалық талдау діни терминдердің мағынасын, олардың мәтін ішіндегі қызметін және семантикалық топтарын айқындауға бағытталды. Ал тарихи-салыстырмалы әдіс көне қыпшақ тіліндегі діни лексемаларды қазіргі қазақ тілі деректерімен және басқа ортағасырлық қыпшақ жазба ескерткіштерінің материалдарымен салыстыра отырып қарастыруға негіз болды.

Мақаланы жазу барысында зерттеу материалы ретінде ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ

тілінде жазылған «Байтарату'л-вазих», «Муниетуль-гузат», «Китэб фи илм эн-нушшаб», «Китэб фи рийадат эль-хайл» сияқты жазба ескерткіштермен қатар діни мазмұндағы «Иршәдүл-мүлүк уәс-салатин» және «Китаб муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» еңбектері пайдаланылды. Сонымен бірге зерттеу барысында «Көне түркі сөздігі» (ДТС), М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» және басқа да лексикографиялық дереккөздерге сүйенілді.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін тарихи лексикология, тарихи семасиология және теолингвистика бағытындағы ғылыми қағидалар құрайды. Қолжазбадағы діни лексика құрылымдық ерекшеліктеріне қарай жіктеліп, олардың семантикалық өрістері анықталды. Нәтижесінде діни атаулардың шығу тегі, мәтіндегі қызметі және қазіргі қазақ тіліндегі сабақтастығы кешенді түрде қарастырылды.

Әдебиетке шолу

Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері түркі тілдерінің тарихи дамуын, ортағасырлық қыпшақ тілінің лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады. Сондықтан аталған мұраларды зерттеу түркология ғылымында ұзақ уақыт бойы өзекті бағыттардың бірі ретінде қарастырылып келеді. Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі мен мәтіндік ерекшеліктері жөніндегі алғашқы ғылыми еңбектер шетелдік түркологтар М. Хаутсма, Х. Кун, Б. Аталай, А. Зайончковский, Х. Касапоғлу, А. Гаркавец және басқа да ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапты. Бұл еңбектерде ескерткіштердің қолжазба нұсқалары сипатталып, олардың тілдік ерекшеліктері мен тарихи маңызы айқындалды.

«Байтарату'л-вазих» қолжазбасын арнайы зерттеген ғалымдар қатарында М. Ағар мен С. Özgür еңбектерінің орны ерекше. Олар ескерткіштің транскрипциясын жасап, мәтіннің сөздігін құрастырып, қолжазбаның мәмлүк-қыпшақ тілін зерттеудегі маңызын көрсеткен. Аталған зерттеулер кейінгі ғылыми жұмыстар үшін негізгі дереккөз қызметін атқарды. Дегенмен бұл еңбектерде қолжазбадағы діни лексиканың құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған.

Қазақстандық түркологияда мәмлүк-қыпшақ мұраларын зерттеуге Ә. Құрышжанов, А. Ибатов, Б. Сағындықұлы, С. Құдасов, Ә. Наджип және басқа да ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың еңбектерінде мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің лексикалық құрамы, тарихи фонетикасы, сөзжасам жүйесі және қазіргі қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылды. Бұл зерттеулер ортағасырлық қыпшақ тілінің қазақ тілінің тарихи негіздерінің бірі екенін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Соңғы жылдары мәмлүк-қыпшақ жазба мұраларын түпнұсқа мәтін негізінде зерттеу жұмыстары жаңа деңгейге көтерілді. Атап айтқанда, Қ. Әубәкірова, Г. Амирова, С. Боранбаев, Г. Серкебаева, Ш. Жалмаханов, Е. Серімов, Ж. Ағабекова және басқа да зерттеушілердің еңбектерінде мәмлүк-қыпшақ ескерткіштерінің лексикасы, ономастикалық жүйесі, этнолингвистикалық ерекшеліктері мен діни терминологиясы жан-жақты қарастырылды. Әсіресе Қ. Әубәкірованың еңбектерінде мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштеріндегі теолингвистикалық кеңістік мәселелері зерттеліп, діни ұғымдардың тілдік табиғаты мен қызметі айқындалған.

Зерттеу барысында «Көне түркі сөздігі» (ДТС), М. Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі, «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» сияқты лексикографиялық дереккөздер пайдаланылды. Бұл еңбектер арқылы қолжазбадағы діни лексемалардың тарихи қолданысы мен қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық сабақтастығы анықталды.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштерінің әртүрлі тілдік қырлары жан-жақты зерттелгенін көрсетеді. Алайда «Байтарату'л-вазих» қолжазбасындағы діни лексиканың құрылымдық және семантикалық өрістері арнайы зерттеу нысаны ретінде толық қарастырылмаған. Сондықтан аталған мәселені кешенді түрде талдау зерттеудің өзектілігі мен ғылыми жаңалығын айқындайды.

Нәтижелер және талқылау

«Байтарату'л-вазих» – түркі-ислам мәдениетінің тоғысында жазылған тілдік мұра, оның мәтініндегі араб тілінен енген діни мазмұнды құрайтын кірме сөздер-қазақ тілінің сөздік

құрамындағы исламдық лексиканың қалыптасуы мен дамуын зерттеуде маңызды дереккөз. Бұл кірме сөздер тек діни термин ретінде емес, сонымен қатар мәдени, рухани түсініктердің тілдік таңбасы ретінде танылуы тиіс. Жазба ескерткішті зерттеу арқылы қазақ тілінің тарихи лексикологиясы мен семантикалық кеңістігін тереңірек тануға жол ашылады (Амирова, Боранбаев, 2023). Қолжазбаны зерттеу барысында ұққанымыз «Байтарату'л-вазих» – жазба ескерткішінің мал дәрігерлік салаға ғана қатысты мәліметтермен ғана шектелмей, қыпшақ дәуіріндегі мәдени, шаруашылық және этнографиялық деректерді де қамтығанына көз жеткізуге болады. Жазба ескерткіштің екі нұсқасы сақталынған, біріншісі Ыстамбұлдағы Топқапы сарайының кітапханасындағы нұсқа (№1695), екіншісі Париж ұлттық кітапханасында (№179) сақталған нұсқа. Алғаш бұл қолжазбаны ғылыми ортаға түркітанушы Саадет Чағатай арқылы енгізді (Чағатай, 1968). Кейінірек М.Е. Агар, Ж. Өзгүр және К. Озтопчу секілді ғалымдар ғылыми зерттеулер жүргізіп, түрлі басылымдар арқылы оны көпшілікке ұсынды. Атап айтқанда, 1986 жылы М.Е. Агар Ыстамбұлдағы нұсқасын транскрипциялап, сөздігін жасаған (Akalin, 1986), ал Ж. Өзгүр бұл еңбекті негізге ала отырып, 1994 жылы докторлық диссертация қорғаған (Özgür, 1988).

Жазылу стиліне келсек автор ортағасырлық діни әдеби шығармалардағы Алла Тағалаға сыйынып «ниет ету» *Бісмі 'л-ләһі' р-рахмәні 'р-рахім* (Бисмилләһи'р-рахмәні'р-рахім) *йүз миң шүкүр сансыз мадақ және ол 'әлем-лерні беслеген* (жүз мың шүкір, сансыз мақтау және ол әлемдерді жаратқан), *бір бар Теңрге кім қамұғ 'әлемі йоқдан бар қылды тағи* (бір Тәңірі әлемді жоқтан бар қылды), *адем огланларыны барчадын артуқ қылып ақыл ве фәһім* (әлем ұлдарын баршадан ақылын мен санасын артық қылып жаратты), *рузы қылды тақы барча һайвәнәтларны әдем оглына мусаһһар* ризығын артық қылып әлем ұлына барша һайуаннаттардан бағынышыты қылды» деп (Özgür, 1988), сансыз мадақ айта отырып бастайды. Бұл тәсіл ортағасырдағы исламдық әдеби үрдістің ажырамас бөлігі болып есептеледі. Өйткені ортағасырлық кезеңде ислам дінінің кеңінен таралуына байланысты кез келген істі бастамас бұрын Алла Тағалаға мадақ айту және дұға жасау дәстүрі қалыптасқан. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш те мәмлүк-қыпшақ кезеңіне тән болғандықтан, мұндай діни кіріспе құрылымы сол дәуірдің жазба дәстүрімен тікелей сабақтасып жатыр. Сондықтан да біз қарастырып отырған жазба ескерткіште де мұндай діни кіріспе үлгісі сақталған. Бұл өз кезегінде мәмлүк-қыпшақ дәуіріндегі жазба дәстүрдің исламдық дүниетаныммен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Яғни мәтіннің басталуындағы мадақ пен дұға элементтері сол кезеңдегі діни-мәдени нормалардың тұрақты көрінісі болып табылады және авторлық стильдің дәстүрлі қалыпқа негізделгенін дәлелдейді. Бұл дәстүр ортағасырлық діни мазмұндағы шығармаларда өз жалғасын тауып, кейінгі жазба ескерткіштерде де тұрақты түрде сақталды. Мысалы, Жүсіп Баласағұнның XI ғасырдағы «Құтадғу білік» шығармасында: *«Алғысқа толы ризашылықты білдіретін жақсы лебіздер мен мақтау сөздер ең әзиз және ең ұлы Тәңіріге бағышталсын, өйткені ол-қылқтың иесі, құдіретті күшті падишаһ; жерді көкті жаратқан, тыныс алып жүрген барлық тірлік иелеріне ризық берген; ол не қылса, соны істейді; сол сияқты не қаласа, соны орындай алады және қай нәрсеге ықыласы ауса, соған үкімін жүргізеді. Тәңірінің адамдар арасындағы ерекше жаралған елшісіне [1] сансыз сәлем! Оның нағыз достары болған құрметті де қымбатты сахабаларына [2] Алланың мол шапағаты жаусын!»* (Баласағұни, 2024) «Муниетул-гузат» жазба ескерткішінде *«...bismi'llahi'r-rahmani r-rahim bilgil kim bu risāle türk tili üzere tahir kilinmakliga dā I bu boldi kim tengri fermāni birle mısır ilinde bir 'azimü ş-şān melik zuhūrğa kildi hüsn içinde kemer tig heybet içre ömer tig şecā 'at içre 'alige ohşayur sahavet içre hatimga tafazzul kılur farislik ilmi içinde kāmīl körklü sıfatlar birle mütekemmil 'ālemler-ni dost tutguçı şer'i muhammedi için kılıç urguçı tengri buyrugı için cān baş oynaguçı mazlūmlarning dazinga sebab bolguçı müsülmanlıkğa kirek bolgan hüner eyelerini hos körgüçi hāsekiler hası tımür big bik öküş yıllar devlet ve sa'ādet üzere müstedām bilsun»* (Uğurlu, 1984), «Иршәдул-мүлүк уәс-сәләтин» жазба ескерткішінде *«Тәңірі тағалаға сыйынған сон. Тәңірі тағалаға тәуекел етіп одан жақсылық тілеп ісімді Тәңіріге тапсырған соң еңбегіме «Иршәдул-мүлүк уәс-сәләтин» деп ат қойдым. Еңбегімнің ішіндегі жазылған құндылықтар руханиятымызға әсері болар деген үмітпен қарапайым пенделер де одан пайдалануына мүмкіндік болар деген үмітпен жаздым...»* (Аубакирова, 2023). Бұл үрдіс кейін

Ахмет Яссауидің «Диуани Хикмет», Рабғузидің «Қиссас әл-әнбия» мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері «Китәб фи илм ән-нушшаб», «Китәб фи рийадат әл-хайл» жазба ескерткіштерінде де көрініс тапқан. Мұндай дәстүр шығарманың рухани-идеологиялық мазмұнын айқындап, автордың ислам дініне деген адалдығы мен танымдық мақсатын танытады. Сонымен қатар, автордың мәтінді араб тілінен түркі тіліне аударғаны жөнінде дерек келтіруі де оның діни және мәдени трансмиссияға үлес қосқанын көрсетеді. Мысалы, қолжазбаны араб тілінен қыпшақ тіліне «даналардың басшысы, ғұламаларға жолбасшы, әлжуаздарды күшейтуші», «ақыл-парасаты кең, даналығында теңіз» кемел дана Толубектің тапсырысымен аударылды деп түсіндіреді (Özgür, 1988).

Ескерткіш тілінен ислам дініне тән діни лексикамен қатар, түркі халықтарының көне дүниетанымынан яғни, тәңірлік сенім жүйесінен бастау алатын атаулар да кездеседі. Бұл лексемалар қыпшақтардың ислам дінін қабылдағанымен, бұрынғы наным-сенім жүйесінің іздері мен тілдік элементтері толық жойылмағанын көрсетеді. Осындай атаулар ежелгі түркілік рухани-мәдени контекстіні сақтап қалумен қатар, жаңа дінмен астаса отырып, бірегей діни-тілдік жүйе қалыптастырған. Мысалы, *Тәңірі* көне түркіше *Tenri*, ортағасырлық жазбаларда әр түрлі фонетикалық варианттылықтарда көрініс тапқан.

Tenri (Тенрі) Тәңірі – түркі халықтарының көне дүниетанымында ерекше орын алатын теонимдердің бірі. Қарастырылып отырған жазба ескерткіште бұл атау *ol älemlerni beslegen bir ü bar Tenri* (Özgür, 1988) тіркесінде *Tenri* тұлғасында көрініс табады. Аталған қолданыста *Tenri* Жаратушының бірлігі мен құдіретін білдіретін теонимдік бірлік ретінде қызмет атқарады. Мәтіндегі бұл атау исламдық діни ұғымдағы Алла концептісінің баламасы ретінде жұмсалып, синкреттік сипаттағы тілдік құбылысты аңғартады. Атап айтқанда, көне түркілік *Tenri* теонимі исламдық таныммен ұштасып, Құдайдың әлемдерді жаратушы әрі ризық беруші ретіндегі қызметін білдіретін семантикалық жүкке ие болады. Осылайша, аталған бірлік мәтінде таухид идеясын жеткізудің тілдік құралы ретінде көрінеді. *Тәңірі* – зат діни 1. *Құдірет иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы, Құдай, Алла тағала.* 2. ауыс. *Құдіретті күш иесі; нір* (Малбақов және т.б., 2011). Көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап, ислам дәуіріндегі түркі әдеби ескерткіштерінде *Тәңір* сөзі «жаратушы күш», «аспан иесі» ретінде көрініс табады. Мәселен, *Орхон-Енисей* жазбаларында бұл атау рухани иерархиядағы ең жоғарғы күш ретінде сипатталады: «*Көк Тәңірі, жер-су, бұлар арасында кісі оғлым туған екен...*» (Кемел, 2002) Жазба ескерткіштер мен ғылыми зерттеу еңбектерде «Диуани лұғат-ат түрк» *Tenrigerü* (Тәңіріге қарай, Тәңіріге беттеп) (Atalay, 1941), «Құдатғұ білікте» *Tenri* (Теңрі) (Баласағұни, 2024). «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде: *Tänri-Tenri* (Тәңрі-Теңрі) (Боранбаев, Серкебаева, 2024). Мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіштері Мақмұт Замахшаридің «Мукаддимат әл-әдәб» *Tengri* (Замахшари, 2023, «Муниет-ул-гузат» жазба ескерткішінде *Tanrı* және *Tangri, Tengri* (Uğurlu, 1984). *Taңры, Тәңрі, Танғрі* (Радлов, 1893), *Тәнкри, Тенкри* (Уалиханов, 2010), *Тенғри, Динғир, Тинғири* (Сүлейменов, 2014) секілді фонетикалық варианттарда көрініс табады. Байқасаңыз бұл бірлік сөз басында д/т, сөз ортасында а/ә/е, н/ң секілді фонетикалық ауысулармен ғана шектеліп, мағына тұрғысынан тұрақтылығын сақталған. Ал семантикалық мағынасына қатысты бірнеше ғылыми пікір қалыптасқан. Мысалы, «көк, аспан, құдай» мағынасында (М. Махмұдов), «теңіз» мағынасында (О. Сүлейменов), «таң сәрісі» мағынасында (А. Ибатов, Е. Жұбанов).

Біз қарастырып отырған жазба ескерткіштегі *йүз миң шүкүр сансыз мадақ және ол 'әлем-лерні беслеген бір бар Теңрге кім қамұғ 'әлемі йоқдан бар қылды тағы* (Жүз мың шүкір, сансыз мақтау және ол әлемдерді жаратқан, бір Тәңірі әлемді жоқтан бар қылды) ...*Теңрі та 'әлә-дан діледүм даһы...*, (...Тәңірі алла-тағаладан тіледім дағы...) (Özgür, 1988) сияқты жолдардан *Тәңрі* сөзінің бүкіл әлемді жоқтап бар еткен құдірет иесі – «Алла» мағынасында қолданылып тұрғанын байқаймыз. «Иршәдүл-мулук уәс-саладин» (XIV ғ.) ескерткішіндегі теолингвистикалық кеңістік еңбегінде Қ.Қ. Аубакирова, *Тәңірі* теонимін түркі халықтарының рухани құндылықтар жүйесіндегі ерекше орны бар концепт ретінде қарастыра келе «Тәңір» концептісі бүкіл адамзатты, бүкіл әлемді жаратқан тылсым құдіретті білдіретінін атап өтеді. Ғалым ортағасырлық сөздіктерде «Алла» сөзі жаратушының жалғыз ұлы есімі ретінде *Тәңір* теонимі балама ретінде қолданылғанын айтады (Аубакирова, 2023). Көне түркі кезеңдерінен бастау алатын бұл атау – тіл

мен сенімнің тоғысқан тұсын бейнелейтін маңызды лингвомәдени элемент. Осы ұғым арқылы біз исламға дейінгі түркілік сенім жүйесінің ізі мен діни лексиканың тарихи сабақтастығын және көпқабаттылығын аңғара аламыз. Ислам діні енгеннен кейін де Тәңір атауы мағыналық мәнін жоғалтпай, *Құдай, Алла, Рабб, Тағала, Жаратқан, Қожайын, Қамқор, Ие, Хақ* сынды діни атаулармен қатар қолданысын жалғастырып келеді.

رَبِّ Rabb (рабб) рабб – ислам терминологиясындағы маңызды ұғым. Алла Тағаланың есімдерінің бірі, мағынасы «Алла барлық пенделерге қамқорлық жасап, олардың тағдырын басқаратын, игіліктер беретін Ие, Қожайын» (Мухитдинов және т.б., 2020). Біз қарастырып отырған жазба ескерткіш те *devleti dāyım olsun dūnyāda dahi āhiretde āmin ya rabb el - ālemin özi hizmetine ben za'if bi'cāreyi getirüp baytara adlu kitābi 'arab dilinden türk diline döndergil* кездеседі (Özgür, 1988). Бұл бірлік киелі мәтіндер жинағы Құранда өте жиі кездеседі. Құран тілінде *Рабб* сөзі 900-ден астам жерде әртүрлі формаларда кездеседі мысалы: *Раббүкум – Раббыларың, Рабби – Раббым*. «Әл-Фатиха» сүресі, 2-аятында «Әлхамду лилләһи раббиль-ғаламин» Барлық мақтау – әлемдердің Раббысы Аллаға тән (Өмірбек, 2021), «Әл-Ғалақ» сүресінің 1-аятында «*Иқра' бисми раббикал-ләзһи халәқа*» Бүкіл әлемді жаратқан Рабыңның атымен, Оқы! (Өмірбек, 2021) деген мысалдар дәлел бола алады. Мұсылман сенімі бойынша Рабб – Алла – бүкіл әлемнің Раббысы; Ол барлық тіршілікті жаратады, тәрбие береді, ризығын жеткізеді, басқарады; Рабб – адам баласына бағыт, тәрбие, сынақ және мейірім беруші. Көптеген хадистер мен Құранда «Раббана...» (Раббымыз...) деп басталады. Мысалы, «Раббәна әәтина фид-дуния хасанәтән, уа фил-аахирати хасанатән, уа қинәә ' азәбән-нәр» Мағынасы: Я, Раббымыз! Бізге бұл дүниеде де жақсылық бер және бізді тозақ азамбынан сақта! (Сайлаубайұлы, Ыбырайымұлы, 2013). Бұл дұға – дүние мен ақырет бақытын сұрайтын ең мазмұнды әрі қысқа дұғалардың бірі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) да бұл дұғаны жиі оқыған. Бұл дұғаны кез келген уақытта оқуға болады, бірақ әсіресе мына сәттерде оқылуы абзал 1) намаздан кейін дұғадан соң, Қағбаның айналасында тауаф жасағанда, сәждеде, қиын жағдайларда, таңғы немесе кешкі дұғаларда.

Ортағасырлық ғұлама Қ.А. Яссауиде:

Құрметтеген ғазиз жанды білмедім мен

Ашық көңіл әзірсін деп тұрмадым мен

Қара жүзім құдіретіңе бұрмадым мен

Иә, Раббым не қылсаң да келдім міне (Иассауи, 2007), – деген жолдардан Алламен арадағы рухани байланыс, мойынсұну мен тәубе сезімдері көрінеді. Мұнда *Раббым* сөзі – сенімнің, үміт пен тәуелділіктің көрінісі. Қ.А. Яссауиден басқа де ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде көрініс тапқан. Мысалы, *Rab (b) a* «рабб алла» *rabbü 'l 'ālemin* «әлемнің раббы» *rabbü 'l-celil* «ұлы алла», *rabbü'l-'izze* «ұлы алла» *rabbü'l-'izzet* «ұлы алла», *rabb-I zü'l-celāl* «ұлық иесі, алла», *rabbāni* (a) «тәңірімен байланысты», *rabbenā* (a.) «алламыз, раббымыз», *rabbi* (a) «тәңірім», *rabbu' l – ' ālemin* (a.) «әлемнің тәңірі» (Кенжалин, 2022a). Қазіргі қазақ тілінде «рабб» сөзі күнделікті сөздік қолданыста жиі қолданылмайтын пассив сөздер қатарына жатады. Дегенмен кей жағдайда «Я, рабым қолдай көр!» Бұл сөз көбінесе діни мәтіндер мен көне жазбалардан ғана кездеседі.

تعالی Ta'ala (таала) тағала бұл сөзге «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішінде *ta'ala ya hamd u senā kılmağdan sonra bu kitābnı okugan kardaşlarga ma'lim olsun* сөйлемінде кіріспелік бата, мадақтау бөліктеріне тән мазмұн көрінеді. Мұндағы *ta'ala* лексемасы Жаратушының ұлылығын білдіретін теонимдік компонент және исламдық діни дискурста Алланы дәріптеу мақсатында кеңінен қолданылады. Аталған тіркестегі *hamd u senā kılmağ* бірлігі Аллаға мадақ айту, дәріптеу мағынасын білдіріп, діни мәтіндерге тән формулалық сипаттағы тұрақты тіркес ретінде қызмет атқарады. Ал *sonra bu kitābnı okugan kardaşlarga ma'lim olsun* бөлігі автордың оқырман қауымға (бауырларға) бағытталған насихаттық, дидактикалық үндеуін білдіреді. Осылайша, мәтін құрамындағы теонимдік бірлік *ta'ala* арқылы Жаратушының ұлылығы айқындалып, мәтіннің жалпы діни-идеялық бағыты нақты көрініс табады. Көне түркі сөздігінен (ДТС): *Ta'ala* всевышний (Наделяев және т.б., 1969) деген анықтама аламыз. Алла Тағаланың ұлылығын, шексіз жоғары тұратындығын сипаттау үшін қолданылады. Мұндағы «Тағала» – Алланың

барлық жаратылыстан жоғары, ұлық, шексіз екенін білдіретін сипат. Құранда Қасас сүресінің 68 аятында *سُبْحَانَهُ وَتَعَالَى عَمَّا يُقُولُونَ* «Олар не айтса да, Ол (Алла) одан пәк әрі аса жоғары!» Бұл жерде «та'ала» сөзі – Алланың жаратылған нәрселермен салыстыруға келмейтін ұлылығын, биіктігін білдіреді (Өмірбек, 2021). Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде жалпы күнделікті тілдік қолданысымызда араб тілінен тікелей енген діни мәнге ие *Allahu Ta'ala* Алла Тағала тұрақты тіркесінің құрамында кездеседі. Мысалы, «Алла Тағала жар болсын!» «Алла Тағала кешірсін!» Алла Тағала бұйыртса» (Кеңесбаев, 2007). Қорытындылай келе, «ta'ala» лексемасы ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінде Алла Тағаланың ұлылығын, шексіз биіктігін білдіретін маңызды теонимдік компонент ретінде қызмет атқарғанын көруге болады.

الله *Allah* (аллах) Алла – «Алла, Алда, Олда, Олла» (ар. Аллах) Алла тағаланың ең ұлық есімі 99 есімдерінің ең біріншісі. Бұл есім Алла тағаланың бар және жалғыз екендігін білдіреді. Бұл сөз басқа тілдерге аударылмайды және Алладан басқа ешбір нәрсе бұл атпен аталмайды (Мамырбекова, 2017). Қазіргі қазақ тілінің қолданысында бұл сөз өте жиі кездесетін, актив лексика қатарына жататын бірегей діни атау. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестермен мақал – мәтелдер де жиі ұшырасады, олардың саны едәуір көп (Жакыпов, 2023). Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінде «*алла тағала*» тіркесінің құрамында берілген (Özgür, 1988). Ал кейбір жазба ескерткіштерде жеке тұрыпта қолданылғанын байқауға болады. Мысалы, «Китәб фи илм ән-нушшаб», «Китәб фи рийадат әл-хайл» жазба ескерткіштерінде, *allah'in selamı onun üzerine olsun anlamında arabça bir söz* (Şirin, 1989) «Китаб Муқадима Әбу Ләйс әс-Самарқаниди IV» еңбегінде, «*хақ намаз димек Аллах-та 'аладан рахмәтдүр (56,3) (хақ намаз деген Алла Тағаладан рахмет)*» (Садықбеков, 2010). Жоғарыдағы көрсетілген мысалдар арқылы бұл ұғымның ортағасырлық түркі жазба дәстүріндегі исламдық дүниетаныммен тығыз байланысты, орныққан лексикалық бірлік болғаны байқалады. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, *الله* (Аллаh) атауы дара тұлғалы теоним болып табылады. Ол бір ғана түбірден құралған және қолжазбада көбіне *الله تعالى* (Алла Тағала) түріндегі күрделі теонимдік тіркестің құрамында кездеседі. Демек, ескерткіш тілінде бұл атау әрі дара, әрі күрделі құрылым құрамында қолданылған.

الرَّحْمَنُ *Rahman* (Рахман) Рахман араб тілінен енген діни термин Алланың мейірімділік сипатын білдіреді. Мысалы, аса Мейірімді, Шексіз Мейірім Иесі, ерекше Рақымды. Құрандағы Алланың 99 көркем есімдерінің бірі. Бұл сөз «рахма» (*رَحْمَة*) түбірінен шығады, ол мейірім, жақсылық жасау, аяу деген мағыналарды білдіреді. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: *Rahmān* (а.) «барлығына мейірімділік жасайтын Алла», *Rahmān ve rahīm* «кешірімді, мейірімділік жасаушы (Алла)» *Rahmān idī* «өте мейірімді» *Rahmān idī jadī* «құран», *rahmān taḥrī* «өте мейірімді» (Кенжалин, 2022а). Бұл сөз кейбір мұсылман қауымдарында кісі есімі ретінде де қолданылады. Алайда, оның қолданылуы діни контекспен тығыз байланысты болып келеді, сондықтан бейтарап ғылыми мәтіндерде сирек кездеседі. Біз қарастырып отырған жазба ескерткіште «*bismi'l-lāhi'r rahmāni'r-rahim*» (Özgür, 1988) мысалында кездеседі. Аталған тіркес исламдық діни мәтіндерге тән дәстүрлі кіріспелік формула ретінде қызмет атқарып, шығарманы Алланың атымен бастау қағидасын білдіреді. Мұндағы *Allāh*, *ar-Rahmān*, *ar-Rahīm* компоненттері Жаратушының есімдері мен сипаттарын білдіретін теонимдік бірліктер болып табылады. Олар арқылы Алланың мейірімділігі мен рақымдылығы дәріптеліп, мәтіннің діни-идеялық мазмұны айқындалады.

Rahman (Рахман) дара тұлғалы теонимдер қатарына жатады. Алайда ескерткіште ол көбіне *Allāh*, *ar-Rahmān*, *ar-Rahīm* сияқты қатар жұмсалып, күрделі діни формулалардың құрамында кездеседі. Сондықтан бұл атау жеке лексема ретінде де, тұрақты діни тіркес құрамында да қызмет атқарады.

Сондай-ақ ескерткіш тілінен пайғамбарлар есімдерін де кездестіреміз. Пайғамбар біз қарастырып отырған жазба ескерткіште *nebi'nūn* (Özgür, 1988) тұлғасында беріледі. Бұл сөз күнделікті қолданылмағанымен діни мәтіндер мен құран аяттарында жиі кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі және кең қолданыстағы баламасы – «пайғамбар». Пайғамбар парсы тілінде пайғам-хабар және бар-алып барушы-зат діни 1. *Қауымға Алла ақиқатын жеткізіп Құдайдың барлығымен бірлігін мойындатуға шақырушы еліші.* 2. *Мухамед пайғамбар.* 3. *Өзіңше білгір*

әулие. 4. ауыс. экспр. Ұлы, данышпан, ғұлама 5. ауыс. Сиынатын, табынатын, ерекше зат, тұлға (Үдербаев, 2011). Ислам дінінде пайғамбарлар ерекше, күнәдан сақталған, адамзатқа үлгі болу үшін тандалған тұлғалар ретінде қарастырылады. Ал оған синонимдес Расул رسول *Resul* (Ресул) сөзі де кездеседі, мысалы, *Resul, Hz. Muhammed Resul 'alleyhis'selām* мағынасы – елші, хабаршы. Жаратылысы, мінез құлқы, ілімі ақылдылығы және парасаттылығы жағынан сол кезеңдегі адамдардың ең ұлығы болған, жаңа бір дінмен жіберілген пайғамбар (Исахан және т.б., 2015). Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: *Resul* (a) 1) «пайғамбар, елші» 2) «Хазіреті Мұхаммед», *resul, 'alejhi's ve selem* «пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке сәлем болсын» *resul fi'li* «пайғамбардың жасағандары» *resul hāli* «пайғамбардың мінез-құлқы, іс-әрекеті» *resulqavli* «пайғамбардың сөзі» *resul-I mürsel* «Хазіретті Мұхаммед», *resul salla' llāhu alejhi's ve selem* «пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммедке сілем болсын», *resul ja'ni jalavaç* «пайғамбар» (Кенжалин, 2022b). Исламда 124 000-нан астам пайғамбар болғаны айтылады, бірақ Құранда есімі аталғаны – 25. Қолжазбадағы пайғамбарлыққа қатысты атаулар құрылымдық жағынан екі топқа бөлінеді: жалпы діни терминдер (*nebī, resul*) және нақты антропонимдер (*Adam, Muḥammed*). Бірінші топқа жататын бірліктер жалпылық мағынадағы діни лексика болса, екінші топ нақты тарихи-діни тұлғаларды атайтын жалқы есімдер болып табылады. Бұл терминде тек діни мәтіндерде қолданылатын сөз. Біз қарастырып отырған ескерткіш тілінен адамзатқа тура жол көрсету үшін жіберген пайғамбарлар атауларын да кездестіруге болады. Мысалы, *Adem* (адем) Адам, *Muḥammed muṣṭafa* (Мұхаммед мустафа) Мұхаммед Мұстафа. Мысалы,

آدم *Adem/Adam* (адем/ адам) адам – қазақ тілінде екі түрлі мағынада қолданылады. 1) *жалпы мағынада адамзат, кісі, пенде*, 2) *діни мағынада алғашқы пайғамбар*. «Байтаратул -вазих» тілінде сөз ортасында е/а алмасуымен беріледі. Мысалы, *Adem* (адем) адам, ал *Adem oylī* (адем оғлы) адам ұлы, *Adem oylanları* (адем оғланлары) адам ұлдары. Көрсетілген мысалдардан бұл атаудың жалпылық ұғымдағы адам кісі мағынасында емес, діни мағынасында беріліп тұрғанын аңғаруға болады. Мысалы, Берілген мысалдардан ескерткіш тіліндегі сөз ортасында е/а алмасуы байқалады. Бұл сөз ортағасырлық жазба ескерткіштер тілінде кейді е/а алмасуы мен немесе басқа да фонетикалық алмасулармен беріледі. Мысалы, «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде: *azam* (азам) адам, *azam – kiši* (азам – кіші) адам-кісі, *azamni* (азамны) адамды *azamni qutqardī, ölümindä uyatmadī* (азамны қутқарды, өлімінде ұятмады) адамды қутқарды, өлімінен оятпады (Боранбаев, Серкебаева, 2024). «Иршәділ мүлүк уәс-салатин» жазба ескерткішінде, *адам* 391 а/1 жалпылық және жалқылық ұғымда (Аубакирова, 2023). Байқап қарасаңыз сөз ортасында з/д алмасуымен беріліп тұр. Ал «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінде жалпылық адам-кісі мағынасында берілген. Біз қарастырып отырған ескерткіш тіліндегі пайғамбар мағынасындағы Адамға келсек, Алла тағала Адамды топырақтан, құйылған балшықтан жаратты. Оған өз рухынан үрлеп, жан беріп жәннатқа кіргізді және оған барша нәрселердің атауларын үйретті. Бұл Құранның Рум сүресінің 20-аятында былай айтылады, «*Ол сені топырақтан жаратты...*» Алла барлық періштелерге: «Адамға сәжде етіндер!» – деп бұйырды. Барлық періштелер сәжде етті, тек Ібіліс (шайтан) бас тартып, менмендік танытты (Өмірбек, 2021). Ар қарай Ағраф сүресінің 12 аятында Ібіліс (шайтан): «*Мен одан артықпын. Сен мені оттан, оны балшықтан жараттың*», – деді (Өмірбек, 2021). Осылайша Ібіліс лағынеттеліп, жәннаттан қуылды. Алла тағала Адам мен Хауаға жәннаттағы барлық нәрсе рұқсат етілді, тек бір ағаштың жемісін жеуге тыйым салынды. Шайтан оларды азғырып, сол ағаштың жемісін жегізді. Осыған байланысты олар жәннаттан түсіріліп, жер бетіне жіберілді. «*Сонда екеуі ағаштан жеп қойған кезде, ұятты жерлері ашылды...*» Адам мен Хауа қатесін мойындап, Алладан кешірім сұрады. Алла олардың тәубесін қабыл етті. «*Сонда Раббысы оны таңдады, тәубесін қабыл етті және тура жолға салды*» (Өмірбек, 2021). Адамзаттың атасы Адам (ғ.с.) жер бетінде өмір сүріп, пайғамбарлықпен адамдарды таухидке, яғни бір Аллаға құлшылық етуге шақырды. Құранда Адам (ғ.с.) туралы келесі сүрелерде айтылады. Бақара сүресі, Ағраф сүресі [11-27], Таһа сүресі [115-123], Са'д сүресі [71-85], Исра сүресі және тағы басқа жерлерде Адамның діндердегі орны туралы айтылады. Исламдық түсінік ойынша Адам – алғашқы адам әрі пайғамбар, күнә жасағанмен, тәубесі қабыл болған. Христиандықтарда – адамның күнәсі бүкіл адамзатқа берілді (түпкі күнә концепциясы). Иудаизмде – Құдайдың бейнесінде жаратылған алғашқы адам. Осылайша,

жоғарыда келтірілген тілдік, діни және тарихи-мәдени деректер *Adam/Adem* бірлігінің түркі жазба ескерткіштерінде тек лексикалық атау ретінде ғана емес, сонымен қатар тілдік, діни және мәдени қабаттардың тоғысуын айқындайтын көпқырлы концепт ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Құрылымдық тұрғыдан *Adam/Adem* тұлғасы дара антропоним болып саналады. Ал ескерткіште кездесетін *Adem oğlu*, *Adem oylanları* үлгілері күрделі антропонимдік құрылымдарға жатады. Мұнда негізгі антропонимге анықтауыштық компоненттердің тіркесуі арқылы жаңа мағыналық бірліктер жасалған.

محمد *Muḥammed* (Мұхаммед) Мұхаммед-соңғы пайғамбар, толық аты Мұхаммед ибн Абдуллаһ, 571 жылы Мекке қаласында туылған. Оған 40 жасында Құран түскен. Мұсылмандар оның есімін атағанда «саллаллаһу алейһи уә сәлләм» (с.ғ.с.) деп айтып құрмет белгісін білдіреді. Ескерткіш тілінен **محمد المصطفى** *Muhammed Mustafa* (Мұхаммед Мустафа) Мұхаммед Мұстафа секілді де мысалды кездестіреміз (Özgür, 1986). **المصطفى** (*al-Muṣṭafā*) Мұстафа сөзінің мағынасы «тандалған», «іріктеліп алынған». Бұл сөз «صفا саф» (тазалық, іріктеу) түбірінен шыққан. Исламда бұл атау Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла Тағала тарапынан арнайы таңдалып, елші етіп жіберілген ерекше тұлға екенін білдіретін лақап аты. *Muḥammed Mustafa* (Мұхаммед Мустафа) Мұхаммед Мұстафа атауы Мұхаммед пайғамбардың қасиеттілігін, таңдаулығын, ерекше миссиясын көрсету үшін қолданылады. Оның басқа пайғамбарлардан кейін келіп, адамзатқа жіберілген соңғы елші екенін білдіреді. *Muḥammed Mustafa* атауы құрылымдық жағынан екі компоненттен тұратын күрделі антропоним болып табылады. Бірінші компонент – негізгі антропоним (*Muhammed*), екінші компонент – пайғамбардың құрметті эпитеті (*Mustafa*). Мұндай құрылым ортағасырлық түркі жазба дәстүрінде діни тұлғаның мәртебесін арттыру мақсатында кеңінен қолданылған. Дін ғылымдарында, әдебиеттерде, дұғалар мен мадақтауларда жиі қолданылады. Пайғамбарымыздың басқа да есімдері бар: Мысалы, *Мұхаммед* (мақталған, мадаққа лайық), *Ахмад* (ең көп мақтауға лайық), *Мустафа* (таңдалған), *Хатамұн-Набийн* (пайғамбарлардың мөрі, соңғысы), *Расулаһ* (Алланың елшісі), *Набиййур-Рахма* (Рақым пайғамбары). Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: *Muhammed* (ж.е) «Әз Мұхаммед» *Muhammed-i Mustafa* «Әз Мұхаммед», *Muhammed dini* «ислам» *Muhammedi* (ж.е.) «Әз Мұхаммедке еруші, Мұхаммедтің үмбеті болған» (Кенжалин, 2022с). Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» еңбегінде, *дахы Мухаммәд верген савабы* (366 2) тағы Мұхаммедке берген сауабы (Садықбеков, 2010), «Байтарату’л-вазих» ескерткіші тілінен пайғамбардың көзін көрген немесе сұхбаттарын тыңдаған сахабалар мен саһибтерді де кездестіруге болады. **صَحَابَة** *Ṣaḥābe* (сахабе) сахаба – Мұхаммед пайғамбарды тірі кезінде бір рет болса да көрген, көзі көрмесе де сөхбатына қатысқан иман келтірген әр түрлі жастағы үлкен және кіші бірнеше немесе одан да көп мұсылмандарға қатысты қолданылатын атау. Сахаба *сахиб* сөзінің көпше түрі сахабалардың аттары аталғанда оларға қатысты «*радиаллаһу анхум*» (Алла Тағала оларға разы болсын) сөзі қолданылады (Исахан және т.б., 2015), **صاحب**, *Ṣaḥīb* (*saḥīb*) сахиб-көп мағыналы сөз, мағынасы – «иесі», «қожайын», «серік», «иеленуші», кей жағдайда «дос» деген мағыналарда қолданылады. Құран мен хадистерде мысалы, Тәубе сүресінің 40-аятында «إِذْ يَقُولُ لِصَاحِبِهِ لَا تَخْزُنْ إِنَّ اللَّهَ مَعَنَا» «Серігіне: 'Уайымдама, расында, Алла бізбен бірге', – деген кезде...» Мұнда Пайғамбар (с.ғ.с.) Әбу Бәкірді «саһиб» деп атаған (Өмірбек, 2021) Саһабалар мен сахибтер ислам тарихының негізін қалаушы тұлғалар болып саналады. Олар Пайғамбардың тікелей шәкірттері ретінде дінді кейінгі буындарға аманат етті. Мұсылмандар үшін олардың істеген амалдары үлгі-өнеге. Бұл адамдар ислам тарихында ең беделді және сенімді тұлғалар қатарына жатады, себебі олар Құран аяттарының түсуіне куә болған және Пайғамбардың сүннетін кейінгі ұрпаққа жеткізген. Біз білетін танымал сахабаларға Әбу Бәкір, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Аффан Әли ибн Әбу Талиб, Ибн Аббас.

Ескерткіш тілінен, *rāšidin aḡırlıy saḥābeleri Ebu Bekir taqī Ömer taqī Osman* (*raşidîn ağırlıy saḥābelər Ebu Bekir taqı Ömer, taqı Osman saḥābalar Ebu Bəkir taqı Ömır, taqı Osman* (Akalin, 1986) деп жоғарыдағы біз көрсеткен сахабалар атаулары кездеседі.

أبو بكر الصديق *Ebu Bekir* – ислам тарихындағы ең ұлы сахабалардың бірі. Оның толық аты: Әбу Бәкір әс-Сыддық Абдуллаһ ибн Әби Құхәфа (**رضي الله عنه**). Ол – Пайғамбар Мұхаммедтің

(с.а.у.) ең жақын досы, алғашқы мұсылман ер адамдардың бірі және Ислам үмбетінің алғашқы халифасы (Исахан және т.б., 2015) Ортағасырлық жазба ескерткіштерде: *bū Bekr* (ж.е.) «әз Әбу Бәкір» (Кенжалин, 2022a), *Ebū Bekr* (ж.е.) «Әз Әбубәкір, төрт халифаның біріншісі» (Кенжалин, 2022a), Ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ жазба ескерткіші «Китаб Мукаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» еңбегінде, бу дәлил бирле хабар вирилди Әби Бәкр сыдықдан (32a,3) бұл дәлелмен хабар берілді Әбу бәкір сыдықтан (Садықбеков, 2010). Ортағасырлық жазба ескерткіштерде *Бәкір әс-Сыддық* есімі әртүрлі фонетикалық варианттарда көрініс табады. *Bū Bekr*, *Ebū Bekr*, сондай-ақ *Әбу Бәкір Сыддық* формасында. Бұл деректер түркі жазба дәстүрінде арабша антропонимдердің жергілікті тілдік ортаға бейімделіп, дыбыстық өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі *Әбу Бәкір Сыдық* нұсқасымен салыстырғанда, сөз басындағы *ā* дыбысының *ə* болып берілуі, сондай-ақ сөз ортасында *i* тұрақтануы сияқты фонетикалық сәйкестіктерді аңғартады. Сонымен қатар, түркі жазба ескерткіштерінде араб тіліндегі *Abu Bakr* құрылымы көбіне *бу*, *ebū* сияқты тұлғалар арқылы беріліп, кейін қазақ тілінде *Әбу Бәкір* түрінде орныққан. Бұл құбылыс кірме антропонимдердің тарихи даму барысында фонетикалық игерілуін және графикалық бейімделуін дәлелдейді. Қорытындылай келе, *Бәкір әс-Сыддық* есімінің ортағасырлық жазба ескерткіштер мен қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы оның тұрақты тарихидіни антропоним ретінде сақталғанын көрсетеді. Сонымен бірге, әртүрлі графикалық және фонетикалық варианттар арқылы бұл атаудың түркі тілдік ортаға бейімделу үдерісі айқындалады, бұл өз кезегінде түркі жазба дәстүріндегі араб кірме элементтерінің фонетикалық игерілу заңдылықтарын дәлелдейді. Әбу Бәкір әс-Сыддық атауы үш компоненттен құралған күрделі антропоним болып табылады. Мұндағы Әбу Бәкір негізгі антропонимдік бөлікті құраса, әс-Сыддық компоненті құрметтік эпитет қызметін атқарады. Сондықтан бұл атау күрделі антропонимдердің эпитеттік үлгісі ретінде қарастырылады.

عمر Ömer (Өмер) Омар – Омар ибн Хаттаб (رضي الله عنه). Қазақ тілінде Омар Ол – Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) ең жақын серіктерінің бірі және екінші халифа (Исахан және т.б., 2015). Ортағасырлық жазба ескерткіштерде *Ömār* (ж.е.) «екінші халифа хазреті, Омар» (Кенжалин, 2022b) «Китәб фи илм ән-нушшаб», «Китәб фи рийадат әл-хайл» жазба ескерткіштерінде *Hз. Ömer ikinci Halife* (Һз. Өмер ікінші халифе) хазірет Өмер екінші халифе (Şirin, 1989). Ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі деректерге сүйене отырып *Ömer/Өмер* антропонимінің Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) ең жақын серіктерінің бірі әрі екінші халифа Омар ибн Хаттабты білдіретін тұрақты діни-тарихи атау ретінде қолданылғаныдығын көреміз. Түркі жазба дәстүрінде бұл есім *Ömār*, *Hз. Ömer* түрінде фонетикалық және графикалық варианттармен беріліп, араб тіліндегі түпнұсқа тұлғасының түркі тілдік ортаға бейімделу үдерісін көрсетеді. Қазақ тіліндегі *Омар* формасы да осы тарихи-тілдік сабақтастықтың нәтижесі болып табылады. Осылайша, аталған есім ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінде діни-тарихи тұлғаны атаумен қатар, исламдық халифат жүйесіне қатысты ұғымды да тұрақты түрде білдіретін антропонимдік бірлік ретінде қалыптасқан. *Ömer* (Омар) тұлғасы құрылымдық жағынан дара антропонимдер қатарына жатады. Ескерткіште бұл атау көбіне тарихи-діни тұлғаны білдіретін жеке есім ретінде қолданылып, қосымша эпитеттерсіз беріледі.

عثمان Osman (Осман) – Осман ибн Аффан (араб.: عثمان بن عفان) – Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) жақын сахабасы және үшінші халифа (Садықбеков, 2010) Ортағасырлық жазба ескерткіштерде, *Osman* (ж.е.) «Үшінші халифа хазреті Осман» *Osman bin ma'ūn* (ж.е.) «Исламды он үшінші болып қабылдаған пайғамбардың алғашқы сахабаларының бірі» (Кенжалин, 2022с). Қортындылай келе, *Osman* (Осман) антропонимі ортағасырлық жазба ескерткіштерде Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.у.) сахабасы әрі үшінші халифа Осман ибн Аффанға қатысты қолданылатын тұрақты діни-тарихи атау ретінде көрініс табады. Ескерткіштерде бұл есім *Osman* формасында халифалық титулмен бірге беріліп, оның ислам тарихындағы орны нақты айқындалады. Сонымен қатар, *Osman bin Ma'ūn* тұлғасының аталуы бұл антропонимнің тек халифаға ғана емес, алғашқы сахабаларға да қатысты кеңірек діни-тарихи контексте қолданылғанын көрсетеді. Осылайша, «*Osman*» есімі түркі жазба дәстүрінде исламдық тұлғаларды атаудың тұрақты жүйесіне еніп, тарихи-діни мазмұнды жеткізетін антропонимдік бірлік ретінде қалыптасқан. Жүргізілген құрылымдық талдау нәтижесінде қолжазбадағы діни атаулардың басым бөлігі дара

тұлғалы теонимдер мен антропонимдерден тұратыны анықталды. Сонымен қатар Алла Тағала, Мұхаммед Мұстафа, Әбу Бәкір әс-Сыддық сияқты екі және үш компонентті күрделі атаулар да жиі ұшырасады. Күрделі құрылымдардың басым бөлігі араб тілінен енген антропонимдер мен құрметтік эпитеттердің тіркесуі арқылы жасалған.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, ортағасырлық мәмлүк-қыпшақ «Байтарату'л-вазих» жазба ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік сол дәуірдің тілдік, діни және мәдени дүниетанымының өзара тығыз байланыста қалыптасқанын көрсетеді. Қолжазбада кездесетін араб-парсы текті антропонимдер, теонимдер және діни-тарихи есімдер қыпшақ тілдік ортаның ислам өркениетімен терең ықпалдасқанын айғақтайды. Ескерткіште қолданылған жалқы есімдер тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, сонымен қатар мәтіннің семантикалық және прагматикалық құрылымын ұйымдастыратын маңызды тілдік бірліктер ретінде қызмет етеді. Бұл ономастикалық бірліктер арқылы мәмлүк-қыпшақ қоғамының діни-идеологиялық жүйесі, исламдық тұлғаларға деген құрметі және рухани құндылықтар иерархиясы көрініс табады. Сонымен қатар, араб-парсы тілінен енген ономастикалық элементтердің қыпшақ тілдік жүйеге бейімделуі түркі тілдерінің ортағасырлық кезеңдегі мәдени-тілдік интеграциясын дәлелдейді. Бұл үдеріс ислам өркениетінің түркі халықтарының рухани кеңістігінде орнығуын және ономастикалық жүйенің соған сәйкес трансформацияланғанын көрсетеді. Қазіргі қазақ тіліндегі діни және тарихи жалқы есімдердің бірқатары осы ономастикалық қабаттың жалғасы болып табылады. Осылайша, «Байтарату'л-вазих» ескерткішіндегі ономастикалық кеңістік тек тілдік дерек қана емес, мәмлүк-қыпшақ дәуірінің тарихи-мәдени және рухани болмысын танытатын маңызды ғылыми дереккөз ретінде бағаланады.

Әдебиеттер

- Амирова Г. The Lexical and Semantic Analysis of Zamakshari' Dictionary «Muqaddimat Al Adab» and its Relation to The Kazakh Language International Journal of Society, Culture & Language (IJSCL), 2024. <https://doi.org/10.22034/ijscl.2023.2011077.3159>
- Аубакирова Қ. Иршәдүл-мулук уәс-салатин» ескерткішіндегі (XIVғ.) теоллингвистикалық кеңістік. – Қызылорда: «Жиенай», 2023. – 160 б.
- Баласағұни Й.. Құтадғу білік: Құт әкелетін білім. – Түркістан: Тұран, 2024. – 555 б.
- Боранбаев С., Серкебаева Г. Ортағасырлық «Кодекс Куманикус» жазба ескерткішінің сөздігі. – Шымкент: Өлем, 2024. – 220 б.
- Жақыпов Ж., Кәрібай Қ. Дін негізді фразеологизмдер // Тілтаным. – №2 (90). – 2023.
- Жалмаханов Ш., Серімов Е., Ағабекова Ж.М. Замахшари «Мукаддимат әл-әдәб» сөздігі (XIIғ.). – Қарағанды: Tengri, 2023. – 282 б.
- Иассауи Қ.А. «Диуани Хикмет» Ақыл кітабы. – Алматы: Өнер, 2007. – 312 б.
- Исахан М., Муслимов, М., Көкенай, С., Сыдықов, Б. Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы. – Астана, 2015. – 60 б.
- Кемел М. Күлтегін. Тоныкөк. – Астана: Аударма, 2002. – 96 б.
- Кенжалин К.Қ. Қазақ тілінің тарихи сөздігі. – Астана, 2022а. – Т. 3. – 472 б.
- Кенжалин К.Қ. Қазақ тілінің тарихи сөздігі. – Астана, 2022б. – Т.1. – 432 б.
- Кенжалин К.Қ. Қазақ тілінің тарихи сөздігі. – Астана, 2022с. – Т.2. – 472 б.
- Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.
- Малбақов М., Есентаева, Қ., Хинаят, Б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі XIV том және тағы басқалар. Том 14. – Алматы, 2011. – 800 б.
- Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2017. – 656 б.
- Мухитдинов Р., Жұмабеков Қ., Сейдамет Ә. Теоллингвистикалық сөздік. – Алматы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2020. – 200 б.
- Наделяев В.М., Насилов Д.М., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 760 с.
- Оңғар қажы Өмірбек, Құран Кәрім.1-ден 30-ға дейінгі паралар, арабша транскрипциясы және қазақша мағынасы. – Алматы: Дәуір, 2021. – 1216 б.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 3. – СПб. – 1893. – С. 1047-1048.
- Садықбеков А. «Орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі» (Китаб Мукаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди) еңбегінің негізінде. – Алматы, 2010.
- Сайлаубайұлы Н., Ыбрайымұлы Е. Намаз оқып үйренейік. – Алматы: «Көкжиек-Б» баспасы, 2013. – 88 б.

- Сүлейменов О. Азия. – Алматы: «Библиотека Олжаса ИД», 2014. – 356 с.
- Үдербаев А., Нақысбеков, О., Қоңыратбаева, Ж. (2010). Уалиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы. – 464 б.
- Akalın, M., Mehmet Emin Açar. Baytaratü 'l-vazih (inceleme-metin indeks) Nu: 7105 Ocak, 1986.
- Atalay, B. Divanü Lügat-it-Türk Tercümesi III. Ankara: TDK Yayınları, 1941.
- Çağatay, Saadet. *Eine osttürkische Handschrift: Baytarat 'ul-vazih* Ankara, 1957. 602 s
- Özgür, C. Baytaratü 'l-vazih (metin). 1988. 209 s.
- Şirin, R. Kitāb fi Riyazati 'l-Hayl, Kitāb fiilm'n Nüṣṣāb. Erzurum, 1989.
- Uğurlu, M. Munyetu'll-ğuzat. Ankara: Ağustos, 1984.

References

- Akalın, M., Achar, M.E. (1986) Baytaratu'l-vazih (analysis, text, index). (in Turkish)
- Amirova, G. (2024) The lexical and semantic analysis of Zamakhshari's dictionary Muqaddimat al-Adab and its relation to the Kazakh language. International Journal of Society, Culture and Language. <https://doi.org/10.22034/ijsc.2023.2011077.3159> (in English)
- Atalay, B. (1941) Divanu Lugat-it-Turk (Vol. 3). Ankara. (in Turkish)
- Aubakirova, K. (2023) Irshadul-muluk uas-salatin eskertkishindegi (XIV g. Teolingvistikalıyq kengistik. Qyzylorda: Zhienaj. [Aubakirova, K. (2023) The theolinguistic space in the 14th century monument "Irshad al-Muluk wa al-Salatin". Kyzylorda: Zhienai.] (in Kazakh)
- Balasaguni, Y. (2024) Kutadgu Bilig: Qut akeletin bilim. Turkistan: Turan baspahanasy. [Balasaguni, Y. (2024) Kutadgu Bilig: The knowledge that brings happiness. Turkistan.] (in Kazakh)
- Boranbaev, S., Serkebaeva, G. (2024) Ortagasyrlyq «Kodeks Kumanikus» zhazba eskertkishining sozdigi. «Alem» baspasy: Shymkent, 220 b. [Boranbayev, S., Serkebayeva, G. (2024) Dictionary of the medieval written monument "Codex Cumanicus". Shymkent, 220 p.] (in Kazakh)
- Chagatay, S. (1957) An East Turkic manuscript: Baytarat'ul-vazih. Ankara. (in Turkish)
- Isahan, M., Muslimov, M., Kokenaj, S., Sydyqov, B. (2015) Din maseleleri zhonindegi gylymi-zertteu zhane taldau ortalıgy. Astana, 60 b. [Isakhan, M., Muslimov, M., Kokenai, S., Sydykov, B. (2015) Research and analytical center for religious issues. Astana, 60 p.] (in Kazakh)
- Kemel, M. (2002) Kultegin. Tonykok. Astana: Audarma, 96 b. [Kemel, M. (2002) Kultegin. Tonykok. Astana: Aydarma, 96 p.] (in Kazakh)
- Kengesbaev, I. (2007) Frazelogijalyq sozdik. Almaty: Arys, 797 b. [Kenesbayev, I. (2007) Phraseological dictionary. Almaty: Arys, 797 p.] (in Kazakh)
- Kenzhalin, K. (2022a) Qazaq tilining tarihi sozdigi (Vol. 3). Astana, 472 b. [Kenzhalin, K. (2022a) Historical dictionary of the Kazakh language (Vol. 3). Astana, 472 p.] (in Kazakh)
- Kenzhalin, K. (2022b) Qazaq tilining tarihi sozdigi (Vol. 1). Astana, 432 b. [Kenzhalin, K. (2022b) Historical dictionary of the Kazakh language (Vol. 1). Astana, 432 p.] (in Kazakh)
- Kenzhalin, K. (2022c) Qazaq tilining tarihi sozdigi (Vol. 2). Astana, 472 b. [Kenzhalin, K. (2022c) Historical dictionary of the Kazakh language (Vol. 2). Astana, 472 p.] (in Kazakh)
- Malbaqov, M., Esentaeva, K., Hinajat, B. (2011) Qazaq adebi tilining sozdigi. XIV tom. Almaty, 800 b. [Malbakov, M., Esentayeva, K., Khinayat, B. (2011) Dictionary of the Kazakh literary language (Vol. 14). Almaty, 800 p.] (in Kazakh)
- Mamyrbekova, G. (2017) Qazaq tilindegi arab-parsy sozderining tusindirme sozdigi. Almaty: Memlekettik tildi damytu instituty, 656 b. [Mamyrbekova, G. (2017) Explanatory dictionary of Arabic-Persian words in the Kazakh language. Almaty, 656 p.] (in Kazakh)
- Muhtidinov, R., Zhumabekov, K., Sejdamat, A. (2020) Teolingvistikalıyq sozdik. Almaty: A. Baitursynuly atyndagy Til bilimi instituty, 200 b. [Mukhitdinov, R., Zhumabekov, K., Seidamat, A. (2020) Theolinguistic dictionary. Almaty: A. Baitursynuly Institute of Linguistics.] (in Kazakh)
- Nadeljaev, V.M., Nasilov, D.M., Tenishev, E.R., Shcherbak, A.M. (1969) Drevnetjurkskij slovar'. Leningrad: Nauka, 760 s. [Nadelyaev, V.M., Nasilov, D.M., Tenishev, E.R., Shcherbak, A.M. (1969) Old Turkic dictionary. Leningrad: Nauka, 760 p.] (in Russian)
- Ongar qazhy Omirbek. (2021) Quran Karim. 1-den 30-ga dein paralar, arabsha transkripcijasy zhane qazaqsha magynasy. Almaty: Daur, 1216 b. [Ongar qazy Omirbek. (2021) The Holy Quran (Arabic transcription and Kazakh translation, parts 1-30). Almaty: Daur, 1216 p.] (in Kazakh)
- Özğür, C. (1988) Baytaratu'l-vazih (text, index). (in Turkish)
- Radlov, V.V. (1893) Opyt slovarja tjurkskih narechij. SPb., T. 3. S. 1047-1048. [Radlov, V.V. (1893) Attempt at a dictionary of Turkic dialects (Vol. 3). St. Petersburg. Vol. 3. Pp. 1047-1048.] (in Russian)
- Sadyqbekov, A. (2010) «Orta gasyr qypshaq zhazba eskertkisherining tili» (Kitab Muqaddima Abu Lais as-Samarkandi) engbeginin negizinde. Almaty. [Sadyqbekov, A. (2010) The language of medieval Kipchak written monuments. Almaty.] (in Kazakh)
- Sajlaubajuly, N., Ybyrajymuly, E. (2013) Namaz oqyp ujrenejik. Almaty: «Kokzhiiek-B» baspasy, 88 b. [Sailaubaiuly, N., Ybyraimuly, E. (2013) Let us learn how to pray. Almaty: "Kokzhiiek-B", 88 p.] (in Kazakh)
- Shirin, R. (1989) Kitāb fi Riyazat al-Hayl; Kitāb fi 'Ilm al-Nushshab. Erzurum. (in Turkish)
- Sulejmenov, O. (2014) Azija. Almaty: Biblioteka Olzhasa ID., 356 s. [Suleimenov, O. Asia. Almaty: Library of

Olzhas Publishing House, 356 p.] (in Kazakh)

Uderbaev, A., Naqysbekov, O., Kongyratbaeva, Zh. (2010) Ualikhanov Sh. Koptomdyq shygarmalar zhinagy. Almaty, 464 b. [Uderbayev, A., Nakysbekov, O., Konyratbayeva, Zh. (2010) Collected works of Sh. Ualikhanov. Almaty, 464 p.] (in Kazakh)

Uğurlu, M. (1984) Munyetu'l-guzat. Ankara. (in Turkish)

Yassawi, Kh. A. (2007) «Diuani Hikmet» Aqyl kitabı. Almaty: «Oner» baspasy, 312 b. [Yassawi, Kh. A. (2007) Divan-i Hikmet (Book of Wisdom). Almaty: "Oner", 312 p.] (in Kazakh)

Zhalmahanov, Sh., Serimov, E., Agabekova, Zh. (2023) M. Zamakhshari «Muqaddimat al-adab» sozdigi (XII g.). Karagandy: Tengri, 282 b. [Zhalmakhanov, Sh., Serimov, E., Agabekova, Zh. (2023) Muqaddimat al-Adab dictionary by M. Zamakhshari (12th century). Karaganda: Tengri, 282 p.] (in Kazakh)

Zhakypov, Zh., Karibai, Q. (2023) Din negizdi frazeologizmdar. Tiltany, №2 (90). [Zhakypov, Zh., Karibai, K. (2023) Religious-based phraseological units. Tiltany, No.2 (90).] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 19.08.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 19.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Батырбекова К., Боранбаев С., Байменова С., 2026

